



Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік лотереяларды өткізу мен ұйымдастырудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1344. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.01.27. N 103 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне республикада

компьютерлік лотереяларды қоса, мемлекеттік лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы ережені әзірлеп, бекітсін;

бір ай мерзімде республикада мемлекеттік компьютерлік лотереяларды өткізу жөніндегі инвестор-ұйымдастырушыны айқындауға арналған тендер өткізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары